



ZHUBANOV
UNIVERSITY

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ "2024 ЖЫЛҒЫ Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ОҚИҒАЛАРЫ"



ZHUBANOV UNIVERSITY ҚАЗАҚСТАН-АҚШ УНИВЕРСИТЕТТЕР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ (KAZAKHSTAN-U.S. UNIVERSITY CONSORTIUM – KUUC) МҮШЕСІ АТАНДЫ

Бағдарлама инновациялық консорциум мен тәжірибелер қауымдастығын дамыту арқылы АҚШ пен Қазақстан жоғарғы оқу орындары арасында байланысты нығайтуға және жаңа стратегиялық серіктестікті дамытуға бағытталған. Жұбанов университеті бір жыл бойы баламалы энергия көздері, экологиялық ғылымдар, ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі және STEM бағытында серіктестік орнатып, бірнеше семинарлар мен гранттарға қатысуға мүмкіндік алады. Қазақстандағы АҚШ елшілігінің бұл бағдарламасы АҚШ үкіметімен қаржыландырылып, Institute of International Education (IIE) ұйымымен жүзеге асырылып отыр.

[Read more](#)



ZHUBANOV UNIVERSITY АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТЕДІ

Алматы қаласындағы Almaty Management университетінде Академиялық адалдық лигасының құрылғанына 5 жыл толуына орай форум өтті. Шараға жоғары білім беру саласының сарапшылары, ғылыми қызметкерлер мен Лига мүшелері қатысты. Жұбанов университеті Академиялық адалдық лигасының стандарттарына 60 пайыздан астам сәйкестік жинаған. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде Батыс өңіріндегі ең ірі жоғары оқу орны саналатын Жұбанов университеті Академиялық адалдық лигасына төрағалық етеді. Форумда қазақстандық білім берудегі адалдық мәдениеті мен әдеп құндылықтарын дамытуға қосқан үлесі және Академиялық адалдық лигасының қызметіне белсене қатысқаны үшін Жұбанов университетінің ректоры Лаура Қарабасова дипломмен марапатталды.

[Read more](#)



ӨДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: САПАЛЫ БІЛІМ, АДАЛ АЗАМАТ, ТАБЫСТЫ ҚОҒАМ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Өділетті Қазақстан: сапалы білім, адал азамат, табысты қоғам» тақырыбында диалог алаңы өтті. Диалог алаңына университет ұжымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысындағы идеяларын талқылау үшін бас қосты.

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ КОМПЛЕАНС- ҚЫЗМЕТТІҢ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА МҮЛДЕМ ТӨЗБЕУШІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ ТАНЫЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындары арасында алғашқылардың бірі болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізіп, ҚР СТ ISO 37001-2017 ұлттық стандарты сертификатын алды. Стандарттағы әдістер сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрімен тиімді күресуге және алдын алуға мүмкіндік береді.

[Read more](#)

[Read more](#)



ZHUBANOV UNIVERSITY АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Ақтөбе облыстық соты мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл ынтымақтастық студенттерді алдын-ала сот жүйесіне кәсіптік бағдарлауға, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға, заңгерлердің біліктілігін арттыруға және студенттерге облыстық сот базасында өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ меморандум аясында университеттің профессор-оқытушылар құрамының құқықтық сауаттылығын арттыруға, сот тәжірибесін қорытындылауға бағытталған шаралар өткізіледі.

[Read more](#)



МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті басшылығы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Ақтөбе облысы бойынша өкілімен кездесу өткізіп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Кездесуде тараптар ынтымақтастық аясында жүзеге асатын бірлескен іс-шараларды талқылады. Олардың қатарында студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін ұйымдастыру, қонақ дәрісін өткізу, құқықтық сауаттылықты арттыру бағыттары бойынша шаралар туралы айтылды.

[Read more](#)

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ

"2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары"



«ҚАЗПОШТА» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Өсел Жанасова Жұбанов университетіне келіп, студенттермен кездесу өткізді. Кездесуде Өсел Жанасова шетелде білім алған кездерімен, еңбек жолымен бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

[Read more](#)



«КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ» ЖОБАСЫНЫҢ ЕҢ ЕРЕСЕК ТЫҢДАУШЫСЫ – 83 ЖАСТА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде бастау алған «Күміс университет» жобасы аясында 70-ке жуық егде жастағы тыңдаушылар тегін курстар бойынша білім алуда. Олардың қатарында 83 жастағы Зауза Молдабекова да бар. Зауза Молдабекова ағылшын тілі және цифрлық сауаттылық курсына қатысып жүр. Ең ересек студент курс туралы әлеуметтік желілердегі хабарлама арқылы білген.

[Read more](#)

[Read more](#)



HERIOT-WATT ЕМТИХАНЫ: ЖЕТЕКШІ БРИТАНДЫҚ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСУ МҮМКІНДІГІ

Heriot-Watt университетінің Ақтөбедегі филиалына оқуға түсуге арналған ағылшын тілінен тестілеу өтті. Емтихан ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Британдық университеттің ұйымдастыруымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында орналасқан филиалында өтті. Емтиханға 5 өңірден, оның ішінде, Атырау, Орал, Қызылорда, Павлодар және Ақтөбеден 200-ге жуық талапкер қатысты.

[Read more](#)

[Read more](#)

[Read more](#)



HERIOT-WATT КАМПУСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Хериот-Уотт университетінің жоспар бойынша кезекті профессор-оқытушылар құрамы келді. Шетелдік қонақтар университет басшылығымен кездесті. Қос тарап ынтымақтастық аясында жүзеге асып жатқан жобаларды талқылаумен қатар, алдағы айда дәріс өткізетін профессорлардың жұмыс сапары және қабылдау комиссиясының жоспарымен бөлісті.

[Read more](#)

[Read more](#)



МАЛАЙЗИЯЛЫҚ ПРОФЕССОРЛАР HERIOT-WATT КАМПУСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Heriot-Watt университетінің Малайзиядағы кампусынан келген профессорлары Юэнкиат Яп, Ли Вен Нам Жұбанов университеті базасында орналасқан британдық университеттің Ақтөбедегі кампусының студенттеріне физика және химия пәндері бойынша дәріс өткізуде. Ғалымдар студенттермен пікір алмасып, өздерінің ғылыми тәжірибелерімен бөлісті.

[Read more](#)

[Read more](#)



ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫ ОТАНДЫҚ СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ҚИЯР ӨСІРУГЕ ПАТЕНТ АЛДЫ

Zhubanov University ғалымы, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Әлия Базарғалиева үш жылдан бері Алматы қаласындағы Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Университетте 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясында «Ашық және қорғалған топырақта отандық селекциялық қияр сорттарын өсірудің технологиясы» тақырыбындағы ғылыми-инновациялық жобаны жүзеге асырылған. Жобаның бас ғылыми қызметкері, PhD доктор Нұрлыгүл Утарбаева. Патент ҚР Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шешімімен 100% таза линиялық «Әлия Молдағұлова» ерістік қияр сортына селекциялық жетістікке берілді.

[Read more](#)

[Read more](#)

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ

"2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары"



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ҮЗДІК МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ЖОО АРАСЫНДА АЛҒЫШҚЫ ОНДЫҚҚА КІРДІ

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жылдағы дәстүр бойынша жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау өткізіп, рейтингін жариялады. Рейтинг нәтижелері бойынша Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 25 білім беру бағдарламасы алғашқы ондық қатарына енді. Жұбанов университеті еңбек нарығында сұранысқа ие бағыттар бойынша болашақ мамандарды даярлауға басымдық береді. Университет рейтингі бойынша Қазақстанның үздік 5 жоғары оқу орнының қатарында төрт жылдан бері кешбасшылық позицияны сақтап келеді.

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ- ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАН ДАЯРЛАЙТЫН ТОП- 10 ЖОО ҚАТАРЫНАН ТАБЫЛДЫ

Елімізде түлектерін жұмысқа орналастырудың ең жоғары көрсеткішіне ие болған оқу орындарының тізімінде Жұбанов университеті алғашқы ондыққа кірді. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша Жұбанов университеті түлектерінің 86%-ы жұмыспен қамтылған.

[Read more](#)

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ҒАЛЫМЫ КӨЗ АУРУЫН ЕМДЕУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІН ОЙЛАП ТАПТЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Химия және химиялық технология» кафедрасының доценті, PhD Гузель Абилова Ұлыбританиядағы Реддинг университетінің Химия, өнімдер және фармацевция мектебінің профессоры Виталий Хуторянскиймен бірлесіп көз ауруын емдеудің тиімді әдісін ойлап тапты. Ғалым бірнеше жылдық зерттеулерінің нәтижесінде көзге арналған линзаға ұқсас өте жұқа полимерлі дөрілік пленкалар жасап шықты. Импортталған фармацевтикалық нарықта полимерлерге негізделген көз дәрі-дәрмектерінің түрлері бар. Жұбановтық ғалым жасаған көзге арналған дөрілік пленкалар бактериялды этиологияның көз ауруларын емдеуге арналған. Яғни бұл микробқа қарсы препараттармен, атап айтқанда ципрофлоксацинмен әсер ететін антибиотикпен әзірленген.

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ БЕС ЖЫЛ МЕРЗІМГЕ АККРЕДИТТЕЛДІ

Жұбанов университетіне «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде бес жыл мерзімге аккредиттелген куәлік берілді. Куәлік арқылы ұйым мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландыратын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар конкурстарына қатысу құқығына ие. Аккредиттеу туралы шешім мекеменің ғылыми-техникалық әлеуеті, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер деңгейі, олардың нәтижелерін практикалық игеру ауқымы, жоғары білікті ғылыми қызметкерлерді даярлау, ғылыми ұйым қызметінің жарғылық міндеттеріне сәйкестік дәрежесі туралы бір мәнді қорытындылар негізінде шығарылды.

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БОЛАШАҚ ФИЗИКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ЗЕРТХАНАЛАР ЖАБДЫҚТАЛДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің физика-математика факультеті «Физика» кафедрасы тағы да заманауи зертханалармен толықты. Биылғы оқу жылында «Механика», «Атомдық физика» және «Электр және магнетизм» зертханалары жаңа құрылғылармен жабдықталды. Бұл зертханаларда физиктерден бөлек жалпы физика пәнін оқитын білім алушылар мен Heriot-Watt университеті филиалының студенттеріне де дәрістер өтеді.

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ АҚШ-ТА STEM БАҒЫТЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҮЙРЕНДІ

АҚШ елшілігінің қолдауымен Халықаралық білім беру жөніндегі американдық кеңестеріне (American Councils for International Education) Пурдью (Purdue University) американдық жетекші зерттеу университеті мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессор-оқытушылар құрамы бірлескен жоба жоспарын тапсырып, 2023 жылы грант иегерлері тізіміне енген. Нәтижесінде, отандық университеттердің 40-тан астам профессор-оқытушылар құрамы біліктіліктерін арттырып, 120 сағаттық халықаралық сертификатқа ие болды.

[Read more](#)

[Read more](#)

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ ДАЙДЖЕСТІ "2024 жылғы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жетістіктері мен оқиғалары"



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАТАҚХАНАСЫ ЖАҢА ОРЫНДАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Жатақхананың ресми ашылуына «АМАНАТ» партиясының Ақтөбе облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ербол Данағұлов, университет ректоры Лаура Қарабасова және профессор-оқытушылар мен білім алушылар қатысты. Биыл оқу орнының №1 жатақханасы жөндеу жұмыстарынан кейін 92 төсек орынмен толықты. Бұрын басқа нысанда пайдаланылып келген жалпы ауданы 507 шаршы метрді құрайтын 3 қабатты ғимарат студенттерге жатын орынға берілді.

[Read more](#)

[Read more](#)



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІ – ЖЫЛ ҮЗДІГІ

Еліміздегі жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда орасан қызмет атқарып, ғылым көкжиегін кеңейтудегі іргелі жұмыстары мен ғылыми жетістіктері үшін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Жыл үздігі» атағымен марапатталды.

[Read more](#)



ПРЕЗИДЕНТ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ХЕРИОТ-УОТТ КАМПУСЫНА БАРДЫ

Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Жұбанов университетінің базасында орналасқан Хериот-Уотт университетінің Ақтөбедегі кампусының білім беру жүйесімен танысып, студенттермен әңгімелесті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа университеттің ғылыми жетістіктері, жаңа білім беру бағдарламалары таныстырылды.

[Read more](#)

[Read more](#)

[Read more](#)

